



9 772223 237006 >

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Асылы ОСМАН,
Алматы қаласының Құрметті азаматы,
II дәрежелі «Барыс» орденінің иегері:

Әр дауыс – ел болашағына жауапкершілік



Ежелден ата-бабала-рымыз ел тағдырын ше-шетін ең маңызды мәселе-лерді талқылау үшін бас қосып, Құрылтай өткізген. Сондықтан бүгінгі саяси өзгерістердің бастауында «Құрылтай» атауының тұ-руына байланысты Прези-дентке ерекше ризашылы-ғымды білдіремін. Бұл – халқымыздың тарихи дәстүрі мен қазіргі заман талабын сабақтастыратын маңызды қадам деп бі-лемін.

Бір палаталы Парламентке көшу туралы шешімнің де өзіндік мәні бар деп ойлаймын. Бұл жерде саннан гөрі сапаға басымдық берілмек. Парламенттің жұмы-сы ықшамдалып қана қоймай, депутаттардың жауап-кершілігі мен халық алдындағы есеп беру талабы арта түсуі қажет. Сонымен қатар, саяси реформалар-дың нәтижелі болуы тек заңнамалық өзгерістерге емес, азаматтардың белсенділігіне де байланысты. Әрбір азамат өз таңдауында жауапкершілікті сезініп, елдің болашағына қатысты шешімдерге бейжай қара-мауы керек. Өйткені, демократиялық қоғамның басты тірегі – халықтың саяси сауаттылығы мен қоғамдық белсенділігі.

Ел қызметіне келген әрбір азамат ең алдымен ха-лықтың сенімін ақтауды, мемлекет мүддесін жеке мүддеден жоғары қоюды басты міндеті деп санауы қажет. Құрылтайда кім жеңіске жетсе де, барлығы-мыздың ортақ мақсатымыз – ел мүддесі мен әді-леттілік жолында қызмет ету. Саяси көзқарасымыз әртүрлі болғанымен, мемлекетіміздің болашағы, халқымыздың бірлігі мен тұрақты дамуы бәрімізге ортақ құндылық. Біз бірге «Әділетті Қазақстанды» құруға атсалысуымыз қажет. Бұл жолда заң үстемдігін нығайтып, азаматтардың құқығы мен еркіндігін қор-ғау, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді арттыру ма-ңызды.

Сондықтан барша азаматты Құрылтай сайлауына белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырамын.



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді. Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауы-ның оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтыры-лады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлау-шының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау ко-миссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдір-ген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



АЛМАТЫ САЙЛАУҒА ДАЙЫН

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комис-сиясының (ОСК) төрағасы Нұрлан Әбдіров пен ОСК мүшесі Әсел Жанәбілова инспекциялық сапар ая-сында Алматы қаласына келіп, мегаполистің Құрыл-тай депутаттарын сайлауға қатысты дайындығы-мен танысты.

Жұмыс сапары аясында Орталық сайлау комиссиясы-ның өкілдері қаланың әртүрлі аудандарында орналасқан №450, 456, 73, 704, 91, 250, 269 және 686 сайлау учас-келеріне барды. Сайлау инфрақұрылымының дайындығы, учаскелердің материалдық-техникалық жарақтандыры-луы, азаматтарды ақпараттандыру және олардың сайлау құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдай жасау бо-йынша комиссиялардың жұмысы тексерілді.

Сайлау учаскелерінде мүгедектігі бар азаматтарға жа-салған жағдайға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, пандустар мен кедергісіз ортаға қажетті элементтер, көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған арнайы көрсеткіш-тер, сондай-ақ кресло-арбамен жүріп-тұратын азаматтар-дың кедергісіз пайдалануына мүмкіндік беретін көлемі ұлғайтылған жасырын дауыс беруге арналған кабиналар қаралды.

Нұрлан Әбдіров Алматы қаласындағы Илияс Есенбер-лин атындағы №25 гимназияда орналасқан №91 сайлау учаскесінің жұмысына да назар аударды. Мұнда сайлау-шылар тізімінен өздерін таппаған азаматтарға жедел көмек көрсетуге арналған шағын ХҚКО жұмысы ұйымдастырыл-ған. Мамандар тіркеу орны туралы мәліметтерді нақтылау-ға көмектеседі. Қажет болған жағдайда учаскелік комис-сия сайлаушыны бір күнге сол учаскенің мекенжайы бойынша тіркеп, оған бюллетень беріп, дауыс беруіне мүмкіндік жасай алады.

Екі күн ішінде Орталық сайлау комиссиясы Алматы қа-

ның алдында тұр. Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы 23 тамызда өтеді. Сайлау процесінің барысы мен нәтижесі еліміздің барлық аумағындағы сайлау комис-сияларының әрбір мүшесіне тікелей байланысты. Ес-теріңізге сала кетейін, жұмыс «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде – әділ, ашық әрі заңнама талаптарын қатаң сақ-тай отырып жүргізілуі тиіс. Осы мақсатта аталған сайлауды ұйымдастыратын әртүрлі деңгейдегі барлық сайлау комис-сияларының 71 мың мүшесі оқытудан өтуі қажет. Сондық-тан қазіргі уақытта Орталық сайлау комиссиясының мүше-лері еліміздің барлық өңірлеріндегі сайлау учаскелерін аралап, осындай оқыту семинарларын ұйымдастыруда, – деді ОСК төрағасы.

Одан бөлек, Алматыда Нұрлан Әбдіровтің төрағалы-ғымен қала әкімдігі, құқық қорғау және төтенше жағдай-лардың алдын алу, әлеуметтік қорғау және басқа да ба-ғыттарға жауапты мемлекеттік органдардың басшылары және өкілдерінің қатысуымен кеңес өтті. Әрі қарай ОСК өкілдері «Open Almaty» 109 бірыңғай байланыс орталы-ғының жұмысымен танысты. Қазіргі уақытта орталықта сайлау мәселелері бойынша 5 маман жұмыс істейді. Сай-лау күні қарсаңында операторлар саны 20 адамға дейін ұлғайтылады. Қазіргі таңда орталыққа күн сайын орта есеппен 190 өтініш келіп түседі. Азаматтар көбіне өз сай-лау учаскесін анықтау, есептен шығару куәлігін алу, жүріп-тұруы шектеулі азаматтар мен мүгедектігі бар адамдар үшін дауыс беруді ұйымдастыру, сондай-ақ уа-қытша тіркеу болған немесе болмаған жағдайда дауыс беру мәселелері бойынша жүгінеді.

Алматыдағы сапарында ОСК төрағасы мегаполистің Құрылтай сайлауына дайындығына оң баға берді.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Байқаушы саны көп

Алдағы Құрылтай сайлауында 6 мың байқаушы жұмыла жұмыс іс-Атегелі отыр. «Дауыс» тәуелсіз байқаушылар коалициясы осылай дейді. Бұл туралы Қоғамдық коммуникациялар орталығында өткен баспасөз жиынында мәлімдеді.



Коалиция өкілдерінің айтуынша, биыл тәуелсіз байқаушыларды даяр-лауға қызығушылық жоғары болған. Төрт аптаға созылған оқыту бары-сында 6 мың адам дайындықтан өт-кен. Арнайы дәрістер екі универси-теттің базасында ұйымдастырылып, қатысушыларға теориялық біліммен қатар, сайлау учаскесіндегі нақты жағдайларға байланысты практика-лық тапсырмалар берілген.

Аталған коалицияның Алматы қаласындағы филиалының же-

текшісі Диана Малаеваның сөзінше, биыл байқаушыларды даярлау кезінде тәжірибеге ерекше мән берілген.

– Коалиция барлық сайлау учаскесін стационарлық байқау-шылармен қамтуды жоспарлап отыр. Қазір өтініш берген азамат-тарды іріктеп жатырмыз, – деді Диана Малаева.

Байқаушылар учаскелердің қол-жетімділігіне де назар аударған. Коалиция өкілдері сайлау комиссия-

ласындағы учаскелік сайлау ко-миссияларының 700-ге жуық өкілі үшін оқыту семинарларын өткізді. Қатысушылар өз білім-дерін жаңартып, тестілеуден өтті, сондай-ақ «Дауыс беру күні» ин-терактивті ойынына қатысты. Се-минар барысында олар дауыс беруді ұйымдастыру мен өткі-зудің негізгі рәсімдерін, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің түрлі жағдайларда-ғы іс-қимыл алгоритмдерін прак-тикалық тұрғыда пысықтады.

Семинарларға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Нұрлан Әбдіров сайлау заңнамасы талап-тарын қатаң сақтаудың, сондай-ақ сайлау комиссиялары мен учаскелерінің жұмысын талапқа сай ұйымдастырудың маңызды-лығына тоқталды.

– Қазір еліміз тарихи оқиға-

ларымен бірге бірқатар учаскенің жағдайын алдын ала қарап, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жасалған жағдайларды тексерген. «Ер Азамат» қоғамдық бір-лестігінің өкілі Алина Канның ай-туынша, оқытуға қатысушылардың саны күн сайын 300–700 адамға дейін жеткен. Оның сөзінше, тәуелсіз байқаушылар өз құқықтары мен мін-деттерін біліп қана қоймай, оларды практика жүзінде қолдана алуы кер-ек.

Байқаушыларды даярлау бағ-дарламасына сайлау заңнамасы, учаскедегі жұмыс тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері, ақпарат-ты дұрыс тіркеу және түрлі жағдайда әрекет ету тәртібі енгізілген. «Social Project Management орталығы» қо-ғамдық қорының өкілі Ержан Серік-ұлының айтуынша, биыл оқытуда практикаға ерекше мән беріліп, қатысушылар сайлау күні болуы мүмкін деген нақты жағдайларды талдаған. Сонымен қатар, бағдарламаға цифрлық құралдар, жасанды интел-лект және медиасауат бағыттары қосылған.

Брифингте тәуелсіз байқаушы-ның міндеті тек учаскеде болумен шектелмейтіні айтылды. Сондай-ақ, сайлау процесінің заң талаптарына сай өтуін бақылап, өз құқықтарын дұрыс пайдалана білуі керек. Қазір дайындықтан өткен азаматтар ірік-теліп, сайлау учаскелерінде жұмыс істейтін байқаушылар анықталып жатыр.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

ӘЗІРЛІК ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ



Алдағы жексенбі күні елімізде маңызды саяси оқиға өткелі тұр. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау ел тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі болмақ. Бұл маңызды саяси науқанға Алматы қаласы тыңғылықты дайындалды. Біз осы науқан қарсаңында қаладағы бірқатар сайлау учаскелерін аралап, дайындығын өз бетімізше қарап көрдік.

Қаланың әр ауданында сайлау учаскелері жабдықталуда, комиссия мүшелері оқытудан өтуде, сонымен қатар сайлаушыларға ақпарат айтылып, түсіндіру жұмыстары жүріп жатыр.

Қалада 670 сайлау учаскесі бар, оның 73-і азаматтардың уақытша болатын орындарында, оның ішінде медициналық ұйымдар және басқа да мекемелерде құрылған. Дайындық Орталық сайлау комиссиясы бекіткен жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Басты назар – учаскелердің ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолжетімділігі, байланыс құралдары мен жабдықтардың әзірлігіне аударылуда.

Біз Алатау ауданына қарасты, «Мәдениет» шағынауданындағы №196 мектептегі дайындықты көрдік. Мұнда дауыс беруге қажетті жиһаздар мен жабдықтар орналастырылған. Айталық, үстелдер, орындықтар қойылып, оңаша дауыс беруге арналған кабиналар орнатылған. Комиссия мүшесінің айтуынша, мұнда №487, №621, №667 және №636 учаскелер жұмыс істемек.

– Дауыс берушілерді қабылдауға толық дайынбыз. Қазір дайындықтың соңғы жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға да қолайлы жағдай жасауға баса мән бердік. Учаскеге кіріп-шығуына кедергі болмауы, дауыс беру кезінде қажетті жағдайдың жасалуы ескерілген. Учаскеге келуге мүмкіндігі жоқ сайлаушылар үшін үйде дауыс беру мүмкіндігі де қарастырылған. Басты мақсатымыз – әр азамат өз таңдауын еркін қолайлы жағдайда жасай алса дейміз, – деді №621 учаске хатшысы Айгерім Тоқтарбай.

Қоғамдық көлікке ақы төлемейсіз

Бұдан бөлек, 23 тамызда Алматының барлық қоғамдық көлігінде жол жүру тегін болады. Автобус, троллейбус және метро қызметін тұрғындар күні бойы ақысыз пайдалана алады. Бұл шешім азаматтардың дауыс беру учаскелеріне еркін әрі ыңғайлы жетуіне жағдай жасау мақсатында қабылданған.

Осылайша қалада сайлау учаскелерін дайындаумен қатар, тұрғындардың дауыс беру орындарына қолжетімділігін қамтамасыз етуге де басымдық беріліп отыр. Сайлау күні дауыс беру сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін жалғасады. Қазіргі таңда учаскелердегі соңғы дайындық жұмыстары жүргізіліп, белгіленген талаптарға сай сайлау өткізуге дайындық пысықталуда.



Дауыс беруге еш кедергі жоқ

Сонымен қатар, сайлау күні азаматтардың учаскелерге кедергісіз жетуіне де жағдай жасалады. 23 тамызда мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін Алматыда «Инватакси» қызметі жұмыс істейді. Сайлау күні арнайы қызмет көрсетуге 170 көлік жұмылдырылады. Оның 36-сы арнайы жабдықталған көлік болса, 134-і жеңіл автокөлік. «Инватакси» қызметін арбамен жүретін, тірек-қимыл аппараты және көру қабілеті бұзылған азаматтар пайдалана алады. Қызметке алдын ала тапсырыс беру үшін тиісті диспетчерлік қызметтерге хабарласу қажет.



+7 747 195 35 75;
+7 707 710 60 50 (WhatsApp);
+7 747 402 64 15 (WhatsApp).
Көру қабілеті бұзылған азаматтар үшін:
+7 727 338 32 78;
+7 700 521 26 33;
+7 777 611 13 57 (WhatsApp).

Сонымен қатар, 20 кезекші автокөлік те қызмет көрсетеді. Оларды 8 700 151 07 01 және 338-30-09 телефон нөмірлері арқылы шақыруға болады.

Сұрақтарыңыз болса, хабарласыңыз!

Еске салайық, Алматыда Құрылтай сайлауы қарсаңында арнайы жедел желі ашылды. Open Almaty бірыңғай байланыс орталығының базасында сайлаушылар 109 нөмірі арқылы дауыс беруге қатысты сұрақтарына жедел жауап ала алады. Сонымен қатар ЖСН арқылы өзінің сайлау учаскесін білуге мүмкіндік беретін Telegram-бот пен онлайн-сервис іске қосылды. Осы қызметтердің көмегімен 133 мыңға жуық алматылық кеңес алып үлгерді.

Айта кетейік, Құрылтай сайлауы күні мегаполисте барлығы 9 аумақтық және 670 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Марат ТОҚАШБАЕВ,
Қазақстанның құрметті жазушысы,
қоғам қайраткері:

Уақыт талабына сай оң бастама



Алда өткелі отырған Құрылтай сайлауы Қазақстан өміріндегі үлкен тарихи оқиға. Халық Құрылтайдың жаңа құрамын таңдай отырып, Қазақстандағы парламента-ризмнің дамуы, соған сәйкес мемлекеттің дамуына байланысты үлкен өзгірістер мен жаңалықтарды күтеді. Әрине, сайлаудың осылай өтіп жатқанының өзі жаңашылдықтың бастауы. Уақыт талабына сай оң бастама.

Өз пікірін ашық айтап жүрген азаматтардың ішінде ең алғашқылардың бірі болып, Қазақстанда қос палаталы Парламенттің қажетті жоқтығын ұдайы айтып келемін. Осыдан 5-6 жыл бұрын «Қазақстан Республикасының ұлттық идеологиясы» деп аталатын үлкен еңбегімде де атап өткен болатынмын. Себебі, бұл елдегі халық санына да сәйкес келмейтін еді. Мысалы, Италияда 60 миллион, Польшада 50 миллион халық бар. Олар қос палаталы парламент жасақтап отырса лайық. Ал Қазақстанда халық саны 20 миллион ғана, тиісінше сайлаушылардың саны да аз. Сондықтан бізге екі палаталы Парламенттің керегі жоқ.

Әрі Сенат пен Мәжілістегі депутаттардың саны да өте аз болатын. Енді осындай жағдайда Қазақстанда жалқы палаталы Парламент қажеттігі жөнінде ұсыныстар жасап жүрдік. Дәл менің жазғаным деп айтпайын, біз сияқты алдыңғы қатарлы ой айтатын азаматтардың пікірлерінің, ұсыныстарының арқасында осы ұсыныс қолдау тауып, Қазақстанда бір палаталы Парламент сайлау керектігі алдыңғы орынға шықты.

Мұндағы бір-екі бапты ғана емес, бүкіл Конституцияның қайтадан жазылуын талап етті. Конституциялық реформа да сәтті жүзеге асып, жаңа Конституциямыз да күшіне енді.

Дана НҰРЖІГІТ,
журналист, продюсер:

Таңдауды біз жасаймыз



23 тамыз – ел мүддесін қорғап, қоғам пікірін билікке жеткізетін азаматтарды таңдау күні. Яғни Құрылтай депутаттарын сайлау күні. Бұл қазақстандықтар үшін өзінің конституциялық құқығын пайдалана отырып ел болашағын таңдауға берілген мүмкіндік. Осы тарихи мүмкіндікті елдегі әрбір сайлаушы толық пайдаланып, өзінің азаматтық үнін қоса алады.

Елімізде іргелі саяси реформалар жүзеге асып келе жатқаны баршаға мәлім. Біз көктемде ғана жұрт болып жұмылып Қазақстан Респуликасының жаңа халықтық Конституциясын қабылдадық. Ата Заң адам капиталын дамытуға басымдық беретін, қоғамда әділдік пен теңдікті, сөз еркіндігін, зайырлылықты басты құндылық ретінде танытын құжат. Ол шын мәнінде қауіпсіз, таза, Әділетті Қазақстанның жарқын келешегіне жол ашады. Енді, міне, тағы бір маңызды кезеңге аяқ басқалы отырмыз.

Кезекті сайлаудың тарихи мәні де айрықша. Тәуелсіз Қазақстанымыз бұған дейінгі қос палаталы парламенттік жолды аяқтап, бір палаталы Парламент кезеңіне өтті. Бұл еліміздегі парламентаризмнің дамуындағы айрықша басқыш. Құрылтайға деген халқымыздың үміті де, сенімі де зор. Заң шығару ісінің икемді болуы ел дамуына жан-жақты ықпал ететіні анық. Болашағы нұрлы, келешегі кемел ұлт ретінде келелі мәселелерді кеңесе шешу жоғары саяси мәдениетімізді көрсетеді. 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауында да барша отандастарымыз өзінің бірлігі мен өскелең мәдениетін таныта алады деп сенемін.

Құрметті қазақстандықтар! Қоғамның дамуы тек қана мемекеттік шешімдерге ғана емес, сондай-ақ азаматтардың белсенділігіне де байланысты. Сол азаматтық ұстанымның, белсенділіктің жарқын көрінісі – бұл сайлау процесі.

Бұл күні таңдауды біз жасаймыз. Қоғамның белсенділігі, әсіресе, осы күні маңызды!

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Мақсат ХАЛЫҚ,
экономист, қаржы сарапшысы,
META University бизнес мектебінің директоры:

Халықтың үнін жеткізеді



Алдағы Құрылтай сайлауының маңызы өте жоғары. Себебі, Құрылтайдың әрбір депутаты халықтың үнін билікке жеткізетін азамат. Халықтың өзін-өзі басқаруы да, демократия принциптері де жүзеге асатын орынның бірі – осы Құрылтай. Меніңше, бірінші кезекте халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған шешімдер мен заңнамалық өзгерістер тұруға тиіс. Яғни күн тәртібіндегі негізгі мәселе – халықтың табысын арттыру. Әрине, көптеген іс-шараны Үкімет жүзеге асырады. Бірақ Құрылтайдың негізгі функциясы – сол жұмыстарға талдау жасау, бюджет шығындарын және барлық атқарылып жатқан істерді мұқият тексеру, былайша айтқанда, «сүзгіден өткізу».

Заңнама тұрғысынан алсақ, бюджет және салық саясатын жетілдіру қажет. Бұл мәселеде Құрылтайдың үлесі жоғары болуға тиіс. Мысалы, Ұлттық қорды тиімді басқару, инвестициялық табыстың бір бөлігін балаларға бағыттау, монополия мен олигополияға қарсы шаралар қабылдау маңызды.

Экономиканы ырықтандыру, бәсекелестікті арттыру, азық-түлік және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету де назарда болуы керек. Түптеп келгенде, барлық экономикалық шешімдер халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс. Ақша-несие саясаты, несие жүктемесін азайту, банкроттық және бюджет туралы заңнамаларды да қайта қарау қажет. Осы мәселелерді шешу үшін жаңа Құрылтайдың маңызы зор деп есептеймін.

Ержан КӨЛДЕЕВ,
Сәтбаев университетінің
Ғылым және корпоративтік
даму жөніндегі проректоры:

Ұлттық дамудың жаңа бағыты



Алдағы сайлау арқылы ел азаматтары Қазақстанда тұңғыш Құрылтайдың құрамын анықтайтын болады. Осыдан тартып елімізде жаңа бір тарих басталады. Бұл күн Қазақстанның жаңа даму кезеңін айқындап, мемлекет тарихында алтын әріптермен жазылатын ерекше белес болып қалары сөзсіз. Бұл қадам ел болашағына тың серпін беретін, ұлттық дамудың жаңа бағытын айқындары сөзсіз.

Бүгінде білімді ұрпақ пен қуатты ғылым – мемлекеттің басты тірегі. Ал еліміздегі университеттер осынау стратегиялық бағытты жүзеге асыратын негізгі орталықтар. Жаңа өзгерістер жоғары білім сапасын арттыруға, жас ғалымдарды қолдауға және инновациялық дамуды жеделдетуге кең мүмкіндік береді.

Елімізде инженерлік білім беру жүйесі жаңғыртылып, жасанды интеллект технологиялары оқу үдерісіне енгізіліп жатыр. Қолданбалы ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс күшейіп, зерттеу жұмыстары экономиканың нақты сұраныстарына бейімделуде. Сонымен қатар, халықаралық әріптестік кеңейіп, ғылыми интеграция жаңа деңгейге көтеріліп келеді.

Бұл – сөз жоқ, халықтың үміті мен сенімінің көрінісі. Білімге құрмет, ғылымға қолдау және адал еңбек еліміздің жаңа даму кезеңінің берік негізі болмақ. Сондықтан келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, еліміздің өркендеуі жолында аянбай еңбек ету – баршамыздың ортақ парызымыз.

САРАП-TIME

САНАЛЫ ТАҢДАУ АЛАҢЫ

Бұрмаланған ойлар шындықты бүркемелей алмайды

Сайлау науқаны басталған сайын қоғамда саяси таңдау туралы пікірталас күшейеді. Біреулер партиялардың бағдарламаларын саралап, өз таңдауын жасауға дайындалса, енді бірі «бәрі алдын ала шешіліп қойған», «бір дауыстан ештеңе өзгермейді» немесе «саясатқа араласудың қажеті жоқ» деген пікір айтады. Мұндай көзқарастар жеке тәжірибеге немесе қоғамда қалыптасқан стереотиптер негізінде қалыптасады. Алайда, олардың барлығын саяси үдерістің табиғаты мен азаматтың сайлаудағы рөлін ескере отырып қайта қарау қажет.



Қоғамда сайлау туралы кейбір бұрмаланған ойлар мен түсініктер болады. Оларды эмоциямен емес, рационалды тұрғыда талдау қажет. Мақаламызда мұндай бұрмаланған көзқарастардың түрлеріне, пайда болу себептеріне тоқталып, мәселенің мәнін іздеуге тырысамыз.

«Сайлаудың нәтижесі онсыз да белгілі»

Бұл пікір сайлаушының саяси үдеріске деген сеніміне тікелей әсер етеді. Егер адам нәтиже алдын ала белгілі деп есептесе, оның дауыс беруге баруының мәнін көрмеуі заңды сияқты көрінеді. Бірақ болжам мен нақты нәтиже екі түрлі нәрсе. Сайлау нәтижесі азаматтардың нақты таңдауы арқылы белгілі болады. Ал оның қалай болатынын сайлау аяқталмай тұрып түпкілікті факт ретінде қабылдау сайлаушының өз таңдауын алдын ала жоққа шығарумен тең.

Мұнда тағы бір маңызды мәселе бар: сайлау тек жеңімпазды анықтау үшін өткізілмейді, сайлаушылардың қандай бағдарламаны қолдағаны, қандай мәселелерге басымдық бергені де маңызды. Қоғамның белгілі бір тақырыптарға сұранысы жоғары болса, саяси күштер соған назар аударуға мәжбүр болады.

«Бір дауыстан ешнәрсе өзгермейді»

Бұл сайлауға қатыспау үшін ең жиі келтірілетін аргументтердің бірі. Сайлау – жеке дауыстардың жиынтығы. Бір адамның таңдауы мыңдаған, миллиондаған азаматтың таңдауымен қосылған кезде ғана жалпы нәтиже пайда болады. Егер әр сайлаушы «менің дауысым маңызды емес» деп есептесе, онда қоғамдық таңдаудың өзі қалыптаспайды.

Бұдан бөлек, дауыс беру адамның жеке позициясын білдіру мүмкіндігі болып саналады. Азамат белгілі бір саяси бағытты қолдауы мүмкін, ал оның таңдауы қоғамдағы нақты сұраныстың бар екенін көрсетеді. Сондықтан сұрақты «менің бір дауысым бәрін өзгерте ме?» деп емес, «мен өз таңдауымды білдірдім бе?» деп қойған жөн.

«Партиялардың бәрі бірдей»

Егер сіз осындай пікірді қолдасаңыз, онда партиялардың бағдарламалары мен ұстанымдарын салыстыру қажеттігін жоққа шығарған боласыз. Шын мәнінде, партиялардың экономикалық, әлеуметтік, институционалды және қоғамдық мәселелерге көзқарастарында айырмашылықтар анық білінеді. Бірі әлеуметтік саясатқа көбірек көңіл бөлсе, екіншісі экономикалық даму немесе басқару жүйесіне басымдық беруі ықтимал.

Әлбетте, саяси партиялар бір қоғамнан шыққандықтан, олар кейбір мәселелерді ортақ көтеріп жатады. Бірақ анықтап қарасақ, олар әртүрлі шешу жолдарын ұсынады. Азаматтар соның ең дұрыс деп тапқан біреуін таңдауына мүмкіндігі бар.

«Ешбір партияны қолдамаймын, сондықтан дауыс бермеймін»

Бұл жерде партияны қолдау мен сайлауға қатысу ұғымдарын ажырату өте маңызды. Азаматтың қандай да бір партияға толықтай көңілі толмауы оның сайлауға қатысу құқығынан немесе қоғамдық ұстанымынан бас

тартуы керек дегенді білдірмейді. Оның үстіне бланкіде 7 партиядан бөлек, «Бәріне қарсымын» деген таңдау да бар. Кез келген азамат саяси додаға қатысып жатқан партиялардың бағдарламаларына келіспейтінін көрсете алады. Бұл да оның конституциялық құқығын жүзеге асыруы деп біліңіз.

«Сайлауға бармау – бейтараптық белгісі»

Шын мәнінде бейтараптық пен сайлауға қатыспау бір ұғым емес. Сайлау әдетте азаматтың өз көзқарасын білдірудегі басты мүмкіндіктерінің бірі. Әлбетте, саяси науқанға азаматтарды еркінен тыс қатыстыруға жол берілмейді. Азаматтар сайлауға қатысу не қатыспауды өзі шешеді. Бірақ оны «бейтарап позиция» деп бағалау күмәнді шешім.

Өйткені, қоғамдық шешімдер өзге азаматтардың қатысуымен қабылданады. Егер азамат өз пікірін білдірмесе, оның орнына басқа сайлаушылардың таңдауы жалпы нәтижеге әсер етеді. Мұнда дауыс беруге мәжбүрлеу туралы сөз болып отырмағанын айта кеткен жөн.

«Саясат – саясаткерлердің ісі»

Саясатты тек саясаткерлердің ісі деп қабылдау азаматтың қоғамдағы рөлін тым үстіртін түсіндіреді. Саясат қоғамдағы ортақ мәселелерді шешу жолдарын айқындайтын сала. Сондықтан оның нәтижесі қарапайым адамның өміріне де әсер етеді.

Азаматтың саясатқа қатысуы міндетті түрде саяси қызметке баруды білдірмейді. Қоғамдық мәселеге қатысты пікір білдіру, ақпаратты саралау, сайлауға қатысу және өз таңдауын жасау азаматтың саясатқа қатысу формасы болып саналады.

«Сайлаудан кейін бәрібір ешнәрсе өзгермейді»

Сайлау саяси институттардың қоғам алдындағы жауапкершілігін бағалаудың бір тетігі. Азаматтардың таңдауы олардың қандай бағыттарды қолдайтынын көрсетеді. Ал саяси күштер үшін бұл қоғамның қандай мәселелерді маңызды санайтыны туралы белгі. Әрине, сайлаудан кейін барлық мәселе бірден шешіліп кетпейді. Кез келген қоғамдық өзгеріс уақытты, нақты шешімдерді және жүйелі жұмысты талап етеді. Сондықтан сайлаудан бірден түбегейлі өзгеріс күтудің қажеті жоқ. Бірақ «бірден өзгермейді» дегенді «ешқашан өзгермейді» дегенмен шатастырмау қажет.

Көріп тұрғанымыздай, сайлау туралы «мифтердің» көпшілігінің ортақ сипаты бар. Олар азаматтың жеке дауысының немесе жеке таңдауының маңызын төмендетеді. «Нәтиже бәрібір белгілі», «бір дауыс ештеңені өзгертпейді», «бәрі бірдей» деген пікірлердің барлығы адамның өз шешіміне деген сенімін әлсіретеді.

Сайып келгенде, демократиялық үдерістің сапасы тек сайлау жүйесіне емес, оған қатысатын азаматтардың белсенділігі мен саяси сауатына да байланысты. Сондықтан әр азамат «Менің дауысым бәрін өзгерте ме?» деп емес, «Өз таңдауымды жасау үшін мен не істедім?» деген сұраққа жауап беруі керек.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
Коллаж: ЖИ.



ӘКІМ

БЕРЕКЕЛІ БАСПАНА

Тағы 210 тұрғын пәтер кілтін ие болды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж, баспана кезегінде тұрған азаматтарға жаңа пәтерлердің кілтін табыстады. Тұрғын үйді бөлудің екінші кезеңі аясында «Алтынай» тұрғын үй кешеніндегі 210 пәтер қала тұрғындарының игілігіне берілді.

Іс-шара барысында қала әкімі тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру және әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік саясатындағы маңызды бағыттардың бірі екенін айтты.

– Мемлекеттік қолдау, ең алдымен, көмекке мұқтаж

азаматтарға бағытталуға тиіс. Сонымен бірге, тұрақты табысы бар, еңбек ететін тұрғындардың баспана алуына мүмкіндік жасау маңызды, – деді Дархан Сатыбалды.

Алматы әкімдігі «Отбасы банкі» АҚ-мен бірлесіп, 4 мыңнан астам пәтерді кезең-кезеңімен бөлуді жалғастыруда. Бірінші кезең аясында 885 пәтер берілсе, екінші кезеңде тағы 1832 пәтер үлестіріледі. Сонымен қатар, «Жұмыс істейтін жастар» бағдарламасы аяқталғаннан кейін босап қалған 1 мыңнан астам пәтер тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі. Тағы 594 пәтер несие шарттарымен ұсынылады.

Пәтерлерді бөлу бойынша конкурстар қыркүйек айының басынан бастап кезең-кезеңімен өткізіледі. Мұндай азаматтардың тұрғын үй кезегіне қойылған күні ескеріледі. Бұл баспананы бөлудің жүйелілігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге жол ашады. Мұнымен қоса,

мемлекеттік қолдау механизмдері аясында табысы төмен азаматтарға жалдамалы тұрғын үй беріледі. Ал тұрақты табысы мен төлем қабілеті бар тұрғындарға несиеге берілетін тұрғын үй және жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар қолжетімді.

Айта кеткен жөн, биыл Алматыда тұрғын үйге мұқтаж 11 мыңнан астам азаматтың баспана жағдайын жақсарту жоспарланып отыр. 2026 жылы 8250 азамат жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, 1298 адам жеңілдетілген несие бағдарламалары арқылы баспана сатып алса, кемінде 1650 жас маман «Алматы жастары» бағдарламасы аясында жеке баспана иесі атанады.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мекеме аралап жүрмейсіз!



Әуезов ауданында мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі ұйымдастырылып, мыңға жуық қала тұрғыны мамандардан кеңес алды. Жәрмеңкеге Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, Мәдениет және тілдерді дамыту, Қоғамдық даму, аудандық білім бөлімдерінің өкілдері, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер, Полиция, Қорғаныс істері, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары мен медицина бірлестігінің мамандары қатысып, тұрғындардың сауалына жауап берді.

– Мұндай іс-шара барлық ауданда бекітілген кестеге сәйкес, екі айда бір рет ұйымдастырылады. Бүгінгідей кездесу жыл басынан бері қала бойынша төртінші рет өтіп отыр, – дейді Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті Мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Мақсат Жаңбыршиев.

Аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас инспекторы Әйгерім Меңдешқызының сөзінше, мұндай формат зейнеткерлерге, орта жастағы азаматтарға және мүгедектері бар бала тәрбиелеп отырған аналарға қолайлы.

– Әр мекемені жеке аралап жүрмей, қажетті ақпарат пен кеңесті бір жерден ала алады. Егер мәселесі бірден шешілмесе, мамандар өтінішті тіркеп, одан әрі қаралу мерзімі мен жасалатын әрекеттерді түсіндіреді, – дейді ол.

Іс-шара барысында тұрғындар тарапынан полиция қызметкерлеріне жазғы демалыста қоғамдық тәртіпті сақтау, түнгі тыныштық және учаскелік инспекторлардың жұмысы бойынша сауалдар жиі қойылды.

Сондай-ақ, жаңа оқу жылына байланысты Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының өкілдеріне ата-аналар тарапынан өтініштер түсті. Мектеп асханаларында тазалық талаптарының сақталуы, тамақтың сапасы мен мониторинг жүргізу тәртібі туралы ақпарат алды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЖОБА

Алматыда «Жастар қатысатын бюджет – 2026» жобасы аясындағы онлайн дауыс беру аяқталды. 10 мыңға жуық дауыс жастардың білім беру, экология, технология, әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау және қалалық орта бағыттарындағы үздік жобаларын анықтауға мүмкіндік берді.

Жеңімпаздар анықталды

Жобаның басты мақсаты – жастарды Алматының дамуына қатысты шешім қабылдау үдерісіне белсенді тарту. Жобаға өтінім қабылдау 6 шілде мен 2 тамыз аралығында өтті. Осы кезеңде jasalmaty.kz порталы арқылы алматылық жастардан 203 жоба келіп түсті. Тексеру мен сараптамалық бағалаудан кейін оның 122-сі, яғни жалпы бастамалардың 60,1%-ы онлайн дауыс беруге жіберілді. Онлайн дауыс беру 11–18 тамыз аралығында өтті. Сегіз күн ішінде қала тұрғындары ұсынылған жобалармен танысып, өздері үшін маңызды әрі қажетті бастамаларға қолдау білдіре алды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша бірінші орынды Бақытжамал Шадиеваның INCLUSION LAB – инклюзивті білім беру тәжірибелері орталығы жобасы иеленді. Екінші орынға Әсет Мадиярдың «Ана академиясы» жобасы жайғасты. Үшінші орын Мереке Іңірбаевтың Jasyr Qala – алғашқы білім беру сити-фермасы және дұрыс тамақтану зертханасы жобасына берілді.



Үздік жобалардың қатарында цифрлық технология мен жасанды интеллект арқылы оқу мәдениетін дамытуға бағытталған KИTAP HUB AI, балаларды дамыту және оңалту орталығы BabyCare, «Идея» жобасы, инженерлік-дамытушы QUM TRACK хабы, SÄT APP мобильді қосымшасы, сондай-ақ «Кәсіпкер» және «Сенім» медиа-жобалары бар.

Осылайша тұрғындардан ең көп қолдау алған бастамалар арасында инклюзивті білім беру мен отбасыларды қолдаудан бастап, ғылым, қаржылық сауаттылық, құқықтық мәдениет және жастар кәсіпкерлігін дамытуға дейінгі әртүрлі бағыттағы жобалар қамтылды.

«Бұл жобаның басты ерекшелігі, жастар қалалық бағдарламалардың жәй ғана алушысы емес, Алматы үшін нақты шешімдердің авторы ретінде танылады. Олар мәселені өздері анықтап, оны шешудің жолын ұсынады, жобасын әзірлейді және қала қолдауымен оны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады», – деді жоба жетекшісі Самархан Әбдұғалиев.

Бір жобаны жүзеге асыруға 500 мыңнан 5 млн. теңгеге дейін қаржы бағытталуы мүмкін. Биыл 18–20 жастар жобасын іске асыру жоспарланған. Ал алдағы уақытта қолдау көрсетілетін бастамалар санын жыл сайын 50 жобаға дейін арттыру көзделіп отыр.

«Жастар қатысатын бюджет» жастарға идеясын нақты жобаға айналдырып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және Алматының дамуына тікелей үлес қосуға жол ашатын тиімді тетікке айналып келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»



ӨЗ-АҒАНЫҢ ӨНЕГЕСІ

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнерінің көмескі тартқан қырына сәуле төгіп, қайта жаңғыртқан, идеологиялық үйінді астында қалған тарихи мұрамызды түгендеуге орасан зор үлес қосқан тұлғалардың бірі. Қайраткер өзінің ғибратты ғұмырында музей ісін дамытуға, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға, дәстүрлі өнерді қайта түлетуге, халықтың рухани мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеуге күш салды.

20 тамызда ірі тұлға өнегесінен тағылым алу мақсатында Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде «Торғай жеріне тәңті болған Өз-аға» деген алқасөз ұйымдастырылды. Жиын мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің 95 жылдығына орай-лас өткізілді.

Естелік айтылып, түрлі ой-пікір ортаға түскен басқосуға ғалымдар, музей қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, журналистер мен зерттеушілер, Өзбекәлі Жәнібековтің ұрпақтары қатысты. Қоғам қайраткері, тіл жанашыры Асылы Осман көпшілікті шабыттандыра сөз сөйлеп, Өз-

бекәлі Жәнібековтің елге, жерге, ұлтына деген сүйіспеншілігі туралы тағылымды әңгіме-естелік айтты.

«Өзбекәлі Жәнібеков – нағыз қазақ дер едім. Оның елге, жерге, халқына деген сүйіспеншілігі шексіз болды. Сыртқы келбеті мен ішкі жан-дүниесі үйлесіп тұрған жан еді. Оның отырысының өзінен, жымиып тұрған күлкісінен-ақ қандай азамат екені аңғарылып тұратын. Ол – нағыз қазақтың бейнесі еді», – деді Асылы Осман.

Алқасөздің «Торғай жеріне тәңті болған Өз-аға» аталуы да тегін емес. Торғай – қазақтың тарихи жадында айрықша орны

бар, Алаш арыстары түлеп шыққан қасиетті өлке. Өзбекәлі Жәнібековтің Торғай тарихы мен оның тұлғаларына деген ықыласы да, қалтқысыз қызметі де осы ұлттық мұраға деген үлкен сүйіспеншілігінен туындаған.

Торғай музейлер кешені директоры, аудандық мәслихат хатшысы Гүлбану Сәрсекей қашықтан тілдесіп, Өзбекәлі Жәнібековтің Алаш арыстарының мұрасын жаңғыртудағы еңбегін саралады.

«Өзбекәлі Жәнібеков – бес арыстың ақталуына ерекше үлес қосты. Сол бес арыстың қос арысы – Торғайдың тумалары. Ахаң мен Жақаңға арнап музей ашамыз дегенде, оның дүниеге келуіне үлкен септігін тигізген де Өзбекәлі Жәнібеков деп айтқым келеді», – деді Гүлбану Құлетқызы.

Жиында Өзбекәлі Жәнібековтің қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлерінің есімін ақтау ісіне қосқан үлесі де айтылды. Бұл жөнінде Өзбекәлі Жәнібековтің немересі, жас ғалым, Өзбекәлі Жәнібек қоғамдық қорының президенті Әзел Жәнібек сөз қозғады.

«Біреу білсе, біреу білмес. 1930 жылдары репрессияға ұшыраған қайраткерлерімізді ақтау жөніндегі алғашқы комиссияның ұйымдастырылуына атамыздың еңбегі сіңді. Бұл туралы біраз ғалымдар да айтып жүр. Торғайға бармас бұрын Ахмет Байтұрсынұлы мен атамыздың арасындағы байланысты да айта кету керек», – деді Әзел Жәнібек.

Жиын барысында Өзбекәлі Жәнібековтің Торғайға сапарлары, өңірдің тарихи-мәдени мұрасын сақтауға қосқан үлесі, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының есімдерін ұлықтаудағы еңбегі туралы естеліктер айтылды. Мәселен, Өзбекәлі Жәнібековтің көмекшісі болған экономист Бақтияр Қамалов жиын соңында сөз алып, бастан кешкен ерекше оқиғаларын баян етті.

Ел арасында «Өз-аға» атанған Өзбекәлі Жәнібековтің ғибратты ғұмыры – елге қызмет етудің, ұлт мұрасына адал болудың жарқын үлгісі. Жиын соңында қатысушылар Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің экспозициясын тамашалап, ұлтқа қызмет ету қағидасының сан түрлі салалары мен әртүрлі амалдарын пысықтап, ортақ мақсат-мүдде жолында тоқайласты.

Дастан ҚАСТАЙ.

КӨРМЕ



ҚР Ұлттық орталық музейі ұсынған экспозицияға өнер иесінің өткенімізді заманауи көркемдік тұрғыдан пайымдайтын 55-ке жуық туындысы қойылған. Суретші қазақ даласының, адам бейнесінің, тұрмыс пен отбасылық құндылықтардың көрінісі арқылы ұрпақтар арасындағы рухани байланыстың сабақтастығын көрсетеді. Оның бабалар мұрасына деген құрметі ішкі рухани қуатының, ұлттық бірегейліктің қайнар көзі ретінде танылады.

Ақылбек Тампиев – Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының, Қазақстан Ұлттық дизайнерлер орталығының, «Тұмар-арт» суретші-педагогтер қауымдастығының мүшесі және Ұлттық дизайн академиясының академигі. Ол орта мектептен кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі ҚазҰПУ) Көркемсурет-графика факультетіне түседі. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін ұзақ жыл дизайн саласында еңбек еткен. Бүгінде шығармашылық жолын кескіндеме өнерімен қатар алып келеді. Қазір Алматыдағы «Айзере» жекеменшік өнер мектебінде сурет пәнінің оқытушысы.

Ол халықаралық, республикалық және қалалық көрмелердің белсенді қа-

БАБАЛАР ІЗІМЕН

Заманауи кескіндеме өнерінің өкілі, еліміздің мәдени, рухани өміріне белсене араласып, республикалық және халықаралық көрмелерде өзгеше қолтаңбасымен жарқырай көрініп жүрген суретші Ақылбек Тампиевтің «Бабалар ізімен» атты көрмесі ашылды.

тысушысы. Сондай-ақ, шығармашылық жобаларға тұрақты түрде қатысып келеді. Солардың қатарында «Ұрпақтар сабақтастығы» халықаралық мұғалімдер мен кәсіпқой суретшілер көрмесі, «Бабалар үні» көркем еңбек пәні оқытушыларының көрмесі, «Палитра мироздания», «Соприкосновение II» секілді басқа да тың жобалары бар.

Ақылбек Тампиевтің шығармашылығы кескіндеменің академиялық мектебі мен табиғатты пленэрлік тұрғыдан сезінудің үйлесімді сабақтастығын көрсетеді. Суретшінің шығармашылығында басты орын алатын тақырыптар – пейзаж, ұлттық мәдениет пен дәстүр, сондай-ақ натюрморт жанры. Суретші реалистік өнер дәстүрлеріне зор құрметпен қарайды. Оның туындыларын жанрлық ерекшеліктеріне қарамастан біріктіретін ортақ сипат – әлемнің ішкі үйлесімін бейнелеуге деген ұмтылыс.

Мәселен, «Кең дала әміршісі» туындысында қазақ мәдениетінің басты нышандарының бірі саналатын салт атты адамның бейнесі арқылы еркіндік идеясын, рух күшін, батырлық пен ұлттық бірегейлікті аша түседі. Мұндағы шексіз дала көрінісі Қазақстан табиғатының ұлылығын танытып, адамның қоршаған ортамен байланысын бейнелейді. Көрмеде автор қазақ этнографиясы тақырыбына арналған

жанрлық композициялар топтамасын ұсынады.

«Кең дала әміршісі» атты ауқымды монументалды туындысымен салыстырғанда, «Анамның шайы» картинасында суретші натюрморт жанрының камерлік сипатына жүгініп, қарапайым отбасылық істердің әсемдігі мен шаңырақ жылуының құндылығын ашады. Қарапайым тұрмыстық заттар ана қамқорлығының, отбасы естелігінің және ұрпақтар сабақтастығының бейнесіне айналғандай. Суретші үй ішіндегі, күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздегі қарапайым сәттер арқылы шынайы адамзаттық құндылықтарға бойлап, ерекше шабыт алады.

Ұсынылған туындылардағы сюжеттер мен жанрларының алуан түрлілігіне қарамастан ортақ идеялық бағыт аясында үндестік табады. Әрбір шығармасы автордың тарих, табиғат, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды өзара сабақтастыра отырып жасаған тұтас көркем туындының бір бөлігіне айналып шыға келгендей. Өнер өкілі өз туындылары ар-



қылы ішкі дүниетанымын және уақыт, адамның қоршаған әлемдегі орны туралы философиялық толғанысын, ойы мен дүниетанымын жеткізуге ұмтылғандай.

Ақылбек Тампиев салған «Бабалар ізімен» жүргіңіз келсе, жоғарыда суреттелген тамашаның бәрін өз көзіңізбен көріп, жүректен өткізсем десеңіз, Алматының рухани жүрегі саналатын Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейіне келіңіз!

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЛАШТЫҢ АМАНАТЫН АРҚАЛАҒАН

Тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Алаш қайраткерлерінің азаттық хақындағы асыл аңсарын айқындап, ұшан-теңіз еңбегімен жастардың ой-сана-сын байытқан белгілі ғалым, әйдік тарихшы, ұлағатты ұстаз, нағыз алашшыл азамат – Мәмбет Қойгелдиев атамыз биыл сексеннің сеңгіріне шығып отыр.

Байыпты ой айтып, бәтуалы сөз жазған кәсіпқой тарихшы, зиятты ғалым бір дәуірдің ғана емес, бірсыпыра кезеңнің бұлтартпас білдірімін, айқын айғағын ақ қағаз ажарына бәдіздеп, ұлттық таным тұрғысынан тәпсірлеген. Ғибратты ғұмырын ұлт тарихын түгендеуге, көмескі тартқан шындықты аршуға, қоғам санасын жаңғыртуға жұмсаған. Есімі ең алдымен Алаш қозғалысының тарихын зерделеу ісінде танылған. Ұлттық саяси элитаның қалыптасуы, отарлық кезеңдегі қайшылықтар, советтік қуғын-сүргін, тарихи жады, қоғам санасының жаңғыруы, ұлттық бірегейлік тақырыбында толымды ой айтып, тағылымды сөз таңбалаған. Ақиқатында, академиктің ұлғаусар, ұшан-теңіз еңбегі бұл ғана емес екен.

Асыл мұраттан адаспаған

Ғалым Мәмбет Құлжабайұлының еңбек жолы 1968 жылы ауыл мектебіндегі ұстаздықтан басталып, Жамбыл облыстық мұрағатындағы ғылыми қызметке ұласады. Кейін Қазақ мемлекеттік университетінде еңбек етеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Қазақстанның жаңа тарихы кафедрасын басқарды, ұлттық сананың ұйытқысына айналған Тарих факультетінің деканы болды, Біліктілікті арттыру институтының директоры қызметін атқарды.

2002–2006 жылдары Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына жетекшілік етеді. Бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ірге жайған «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығын басқарып отыр. Профессордің ғылыми қоржынында 400-ден астам жарияланым бар. Зерттеу нысанының ауқымы да аса кең. Осы салалардың қай-қайсысына үңілсеңіз де, ғалымның төл мұратын анық аңғарасыз. Ғалымның асыл мұраты – қазаққа төл тарихын таныту әрі өткені мен бүгінгі бағалау.

Зерттеушінің ғылыми мұрасын Алаш қозғалысын зерттеуден бөліп-жарып қарау қиын. Ғалымның «Алаш қозғалысы» деген іргелі еңбегі қазақ тарихының ХХ ғасыр басындағы аса күрделі кезеңін жаңа қырынан тануға жол ашады. Зерттеуші Алаш қозғалысын локалды бұлғақ есебінде емес, қазақ қоғамының ұлттық санасын түлетіп, ел болашағына қатысты жаңа саяси ой қалыптастырған тұтас тарихи кезең ретінде зерделейді.

Алаштың өзегіндегі елдік мүддені, жер тұтастығын, білім мен ғылым ғақлиятын, дербес мемлекет болу мақсаты жыл өткен сайын жаңа қырынан жаңғырып келеді. М.Қойгелдиевтің Алаш туралы зерттеулерінің құндылығы да осында. Ғалым тарихи тұлғалардың өмірін, мирасы мен мұраларын Алаш заманын жалаң мадақтау мақсатында емес, ұлттық, елдік ойдың тасқайнарына бойлап, тұмса табиғатын тану талабында зерттейді.



Мәмбет Қойгелдиев 80 жасқа толды

Абай мұрасы мен Алаш парасаты

Мәмбет Қойгелдиевтің Абай мен Алаш арасындағы сабақтастық туралы пікірі айрықша мәнге ие. «Абайды түсіну үшін Алашты білу керек» деген ғалым пайымында Алаш қозғалысы Абай идеяларының табиғи жалғасы ретінде танылады. Расында, Абайдың білімді, өнерпаз, еңбекқор, саналы ел болу туралы озық ойлары Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне рухани негіз болды. Абай – қазақ ақыл-ойының қайнары болса, Алаш арыстары оның өнегесін қоғамдық-саяси қозғалысқа ұластырған зерделі шоғыр еді.

Мәмбет Қойгелдиевтің ғылыми ізденісі қазақ қоғамындағы ұлттық саяси элитаның қалыптасуы мен тағдырын да кең қамтиды. «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғ.ғ.)» еңбегінде ғалым саяси тұлғалардың тарихи тұғырын ғана емес, ұлттың өзін-өзі қорғау қабілетін, батырлар институтын, билер байламын, ұлттық бірегейлікті сақтау жолдарын сабақтастықта қарастырады. Яғни ол жеке тұлғалардың өмір жолын зерттеумен шектелмей, сол тұлғаларды дүниеге әкелген ортаны, ұлт болып қауымдасу ерекшелігін, тарихи кезеңдерде қанат жайған асқақ идеяларды және ұлттық дүниетанымының эволюциясын зерделейді.

Біз санамалап айтқан айрықшалықтардың бәрі – Қойгелдиев зерттеулерінің басты құнары. Оның еңбектеріндегі тарихи дерекке бай, шұратты, шүйгінді алаптар да осында: жеке тұлға мен қоғамдық ортаның байланысын, ұлттық ойдың қалыптасу жолын

және тарихтың өлара кезеңдеріндегі елдік идеялардың эволюциясына тұтастықта танытуында.

Тарихшының төл міндеті

Тарих – болған оқиғаны баяндау емес, сол оқиғаның мән-маңызын таразылау, ақиқатын ажырату, ұлттың өткеніне әділ баға беру. Мәмбет Қойгелдиевтің ғылымдағы жолы да осы ұстанымға сай өріліп келеді. Ол архив құжаттарын сөйлетіп, тарихи тұлғалардың мұрасын қайта қарап, қазақ тарихының талай көмескі тұсын ғылыми айналымға енгізді. Тарихты ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеуі оның ғылыми еңбегінің аса құнды тұсы болып танылды.

Қуғын-сүргін кезеңін зерттеу – тәуелсіз тарих пәнінің іргелі нысаны, әрі кейінгі ұрпаққа тоталитарлық жүйенің зардабын ұғындыруды көздейтін қоғамдық қызмет. Ал ғалым «Қоғамның тарихи жады», «Айтылған тарих» секілді еңбектерінде тарихи жадтың маңызына, халықтың өз басынан өткерген оқиғаларды есте сақтауы мен ұрпаққа жеткізуіне назар аударады.

Өткені көмескіленген елдің ертеңге көзқарасы да бұлыңғыр болуы мүмкін. Қойгелдиев еңбектерінің өн бойынан осы ойды аңғаруға болады. Ғалым «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов», «Қорғансыздың күнін кешкендер», «Қиянат анатомиясы» секілді еңбектерінде кеңестік тоталитар-

лық жүйе мен саяси қуғын-сүргін тарихын сөз етіп, қазақ қоғамының ХХ ғасырдағы ең ауыр кезеңдерінің шындығын саралайды, ұлт қаламгерлерінің тілек-талабын тәпсірлеп, ерекше тоқтамға келеді. Автордың сөзіне қарағанда, ұлт арыстары қазаққа өз Отанына иелік құқын қайтаруды ғана талап еткен. Артық ештеңе сұрама-да, «қазақ ұлтшылдары» ретінде жазаланған.

«Ресейлік жүйе мен қазақ саяси элитасы арасында екі ғасырға жуық жүрген жағажыртысудың астарында жатқан нәрсе не?» деген сұраудың тууы толық негізді. Ол – әрине, жер мәселесі. Жерді алу оңай ма, оның иесі бар ғой... Ұлт қаламгерлері бұл қарсыласуда жетекші рөл атқарды», – дейді ғалым.

Сонымен қатар, зерттеуші ұлттық көркем ойдың мазмұнына қарай бірнеше түрге жіктелгенін, ұлттық сипатқа байланысты кезеңделгенін жазады. «Қазақ әдебиеті белгілі бір кезеңдерде көркем оймен қатар философия мен тарихтың да міндетін атқарып, синкреттік сипатта болды. Сол арқылы халқымыздың әр дәуірдегі көңіл күйін, қуанышы мен мұңын, үміті мен өкінішін, тарихи биігі мен күйзелісін таныта алды.

Есмағамбет Самұратұлы ұлттық көркем ойдың XVIII–XX ғасыр басындағы даму кезеңдерін саралай отырып, әдебиеттегі ерлік кезеңін және зар заман кезеңін айқындайды. Ерлік кезеңі Исатай, Кенесары бастаған отарлауға қарсы күрестің Махамбет, Шернияз, Нысанбай, Досқожа сынды ақын-жыраулар шығармашылығында көрініс табуымен сипатталса, зар заман әдебиетінде жеңілістен кейінгі елдің қайғы-мұңы Дулат, Шортанбай, Мұрат, кейін Албан-Асан, Нарманбет, Ғұмар Қараш шығармаларында берілгенді.

Ұлт пен ақиқат алдында

Әдебиет – тарихтың алаңы. Тарихи үдерістер, қоғам сұлбасы мен заман ажары – әдебиеттің нысаны. Ғалым:

«ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, оның барлық жанры ұлт зиялыларының қоғамға қызмет жасау құралы

есебінде өмірге келіп, осы арнада қалыптасып, шыңдалу жолынан өтті. Ұлттық басшылық-

тың түсінігінде әдебиет шығармалары ең алдымен ағартушылық қызмет, яғни ұлтқа оның аянышты ауыр халін түсіндіруге, сол арқылы алдында тұрған басты міндеттерін анықтауға қызмет жасауға тиіс болды. Басқаша айтқанда, ұлттың қарқынды қалыптасу жолында барлық ұлттық әдебиеттер атқаратын міндет қазақ әдебиетіне де тән болды», – деп жазып, әдебиет ұғымын жаңа қырынан – ұлт арыстарының асыл миссиясы аясында өзгеше талдайды.

Сайып келгенде, біз санамалап айтуға талап қылған іргелі бағыттар – ғалымның қарқара қызметінің бір парасы ғана. Ғалым өз еңбектерінде қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің де тар жол, тайғақ кешуде теперіш көрсе де, ұлттық ұстанымына берік болып қалғанын дәлелдейді. Осы тұста ғалымның ерекше бір қырын және айталық. Мәмбет Қойгелдиевтің өзі де ұлттық мүдде мен тарихи ақиқатты айқындау арнасынан ешқашан ауытқымай, ұлт биігінің асыл шыңы – келелі кезеңіне шығып отыр.

Ақсақалымыздың ғұмыр жасы ұзақ, денсаулығы қуатты болсын!

Дастан ҚАСТАЙ.

КАРДИОЛОГИЯДАҒЫ ИННОВАЦИЯ

**Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтын-
да өткен «шеберлік сабағы» аясында
төрт пациентке жаңа буынның биорезорбцияланатын магнийлік скаф-
фолдтары имплантацияланды.**

Магнийлік скаффолдтар – уақытша, өздігінен сорылатын тамырлық каркастар (биорезорбцияланатын стенттер). Олар жүректің ишемиялық ауруы және басқа да жүрек-қантамыр аурулары кезінде тарылған коронарлық артерияларға енгізіліп, тамырды кеңейтуге және қан ағымын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. 6–12 ай ішінде каркас ағзада із қалдырмай толықтай ериді.

«Жаңа буынның биорезорбцияланатын магнийлік скаффолдтарын импланта-

циялау олардың қауіпсіз еруі барысында ағзаға каркасты өзінің табиғи тінімен алмастыруға мүмкіндік береді. Бұл созылмалы қабыну қаупін төмендетіп, қан тамырларын табиғи қалпына келтіреді», – дейді KIA F3И рентгенэндоваскулярлық операциялық блогының меңгерушісі Алексей Колесников.

Іс-шара интервенциялық кардиология саласындағы жетекші мамандардың басын қосып, озық халықаралық тәжірибе алмасуға арналған кәсіби алаңға айналды. Шеберлік класына шақырылған сарапшы-проктор ретінде Германияның Klinikum Fürth клиникасының интервенциялық кардиология саласындағы жетекші маманы, күрделі коронарлық араласуларды орындау және коронарлық артериялардың күрделі зақымдануы бар пациенттерді емдеу бойынша халықаралық сарапшы дәрігер Стильянос Пиксарас (Dr. Stylianos Puxaras) қатысты.



Білім беру сессиялары барысында қатысушылар биорезорбцияланатын скаффолдтарды қолдану технологиясымен танысып, пациенттерді іріктеу мәселелерін, оларды қолдануға арналған клини-

калық көрсеткіштерді, сондай-ақ технологияны әртүрлі клиникалық жағдайларда пайдалану ерекшеліктерін қарастырды. Төрт ота да сәтті өтті. Бәрі МӘМС қаражаты есебінен жүргізілді.

СӨМКЕНІҢ САЛМАҒЫ Бала саулығына салғырт қарамаңыз!

**Жаңа оқу жылы да келіп қалды. Бірер күнде
жайналаны аппақ жейде, қырлы шалбар киген
балдырғандар, басына көбелек қонақтап алғандай
әсер қалдыратын әдемі бантик таққан, көк галстугі
желбіреп, рюкзак асынып, мектепті бетке алған
бүлдіршіндер сәнге бөлейді.**

Жыл бойы баласын мектепке апарып, алып қайтуға бәрінің жағдайы келе бермейді. Әке жұмысына құлансәріде шығып кетсе, ал шешенің омырауда сәбиі болуы мүмкін. «Ұлымды мектептің аялдамасынан ұмытпай сырісіріп жіберіңізші, ұйықтап қалмасыншы» деп автобустың сыртында қол бұлғап қалған талай жас ананы көз көрген. Иығындағы сөмкесі өзінен үлкен, күннің ыстығында тіпті шаршағасын алқам-салқамы шығып, онысын қара жолда дырылдатып сүйреп келе жатқан сүйкімді балақайлардың видеосын да әлеуметтік желіден байқап жүрміз.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Денсаулық сақтау министрлігі ата-аналарға мектеп рюкзагын таңдау кезінде назар аударуы қажет негізгі талаптарды еске салды. Министрліктің бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес, оқу құралдарының ұсынылатын салмағы оқушының жасына байланысты: 1–3-сынып оқушылары үшін – 2 келіге дейін; 4-5-сынып – 2,5 келіге дейін; 6-7-сынып – 3,5 келіге дейін; 8–11-сынып оқушылары үшін – 4,5 келіге дейін.

Иә, оқушының ең қажетті құралы – сөмке. Байқасаңыз, бала үшін мектеп сөмкесін таңдау да үлкен жұмыс әрі қуаныш. Үш ай демалыстан соң жаңа оқу жылына өзгеше болып барғысы келеді.

«Шыны керек, рюкзак сатып аларда, көбіне баланың таңдауына ерік беріп жатамыз. Ал бала сөмкеге қойылатын талаптарға қайдан құлақ асын. Мәселен, биыл үшіншіге көшкен қызым қуыршақтың суреті бар сөмкені «аламын да, аламын» деп тұрып алды. «Сенің денең нәзік, ал мына сөмкенің көлемі саған үлкендеу көрініп тұр» десе де тыңдамады. Ол сөмкесі үлкен болғасын, ертең оған дене шынықтыру киімдерін де нығарлап салып алатыны анық. Мектепке келгенде ауыстыратын аяқкиімі, үйден алып шығатын прәндігі, су құйып алатын ыдысы бар дегендей. Оқулықтары болса да ауыр. Қыс мезгілінде тіпті қиын. Шетелдерде мектепке кітаптарын тасып жүрмейді екен деп естиміз. Бізге де сондай жағдайлар жасалса ғой», – дейді алматылық ата-ана Зәуре Жақсылыққызы.

Бір жылдары отандық мамандардың «әрбір екінші баланың омыртқа жотасы қисайған» деп дабыл қаққаны есімізде. Бұл соңғы оншақты жылда күніне 5 келіден артық сөмке көтере бастаған балалардан байқалған. Ал «бүкірейген ұрпақтың» болашағы айтпаса да түсінікті.

Омыртқа – бүкіл денеміздің тірегі. Ал 6-7 жастағы баланың жотасы тез қисаяды. Бұл уақытта омыртқааралық шөміршектердегі зат алмасу процесі өте қарқынды жүреді.

«Шамадан тыс салмақ әлі бұғанасы қатая қоймаған балдырғандардың денсаулығына міндетті түрде кері әсерін тигізері анық. Мысалы, біріншіден, омыртқаның қисаю қаупі бірден туады. Арқа, иық және мойын бұлшықеттеріне күш түсіп, бала ерте жастан остеохондрозға шалдығады. Майтабандылыққа алып келеді. Оның үстіне қазіргі балалар жақсы тамақтана қоймайды. Соның салдарынан артық салмақтан тез шаршап, басы айналып, тыныс алуы мен қан айналымы нашарлайды. Сөмке таңдағанда ортопедиялық арқалығы бар жеңіл түрінен



таңдаған абзал», – дейді №8 қалалық емхананың педиатры Анаркүл Жарқынбаева.

Жалпы, рюкзактың иықбауы жалпақ, иыққа батпайтындай болуы керек. Ол иықтан төмен тартпай, белден 5 сантиметр жоғары тұруға тиіс. Содан соң, сөмкені баланың жасы мен жынысына қарай таңдау қажет. Ішіне салынатын оқулықтардың бір-біріне тығыз орналасуы маңызды, яғни сөмке жотада қолпылдап тұрмауы керек. Ата-аналар рюкзактың ішін мезгіл-мезгіл тексеріп отырғаны жөн. Сабақта қажет болмайтын ойыншықтарды, артық дәптерлерді, кітаптарды және басқа да заттарды үйде қалдырған дұрыс. Міне, осындай қарапайым күнделікті әдеттер баланың оқу күндерін жайлы өткізуіне және арқасы мен иығына түсетін артық жүктемені азайтуға көмектеседі.

Португалия мамандары мектеп сөмкесіне қанша келі зат салу керектігін болжайтын формула ойлап тапқан. Нақтырақ айтсақ, оқушының сөмкесіндегі заттың салмағы бала салмағының 10%-ын ғана құрауға тиіс. Яғни баланың салмағы, айталық, 30 келі болса, сөмкедегі зат 3 келіден аспауға тиіс. Осы тепе-теңдік ескерілген жағдайда ғана баланың денсаулығына ешқандай қауіп төнбейді.

Осындайда балалық шағымыз Кеңес заманында өткен біздің мектеп сөмкеміз еске оралады. Екі иыққа асып алып кете беретін рюкзак деген жоқ ол заманда. Қираландағаның көкесі сол кезде болған шығар. Біз бір тұтқалы сөмке ұстап өскен ұрпақпыз. Қолымыз талғанда, екінші қолымызға ауыстырып алып, бір бүйірімізге қисайып алып кете баратынбыз. Солай.

Ал өркениетті мемлекеттердің біразында оқушылар мектеп оқулықтарын арқалап жүрмейді. Кітаптар мектеп сересінде қалады. Үйге келген бала сабағын электронды оқулық, яғни планшет арқылы оқиды. Міне, ауыр сөмке мәселесінің қарапайым шешімі осы. Бізге де дені сау ұрпақ керек!

Карикатура: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

**Елімізде тұрғындардың өкпе обыры туралы
мағлұматын арттыру мақсатын көздеген
апталық аяқталды. Онкологиялық аурулармен
күрес жөніндегі Кешенді жоспар аясында ұйым-
дастырылған іс-шара барысында 1287 адам он-
кологтың кеңесін алды.**

Аурудың алдын алу жолы

Олардың 914-іне кеуде қуысы ағзаларының төмен дозалы компьютерлік томографиясы жүргізілді. Акция аясында Алматы онкология орталығына келіп, ТДКТ-дан өткен алматылықтардың арасынан 18 адамда обыралды өзгерістер анықталып, оларға қосымша тексеруден өту және динамикалық бақылауда болу ұсынылды. Акция барысында онкологтар қатысушылармен жеке ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, зерттеудің мақсаты мен маңызы, ерте диагностиканың өнімділігі туралы айтып, пациенттердің сұрақтарына жауап берді.

«Апта қорытындысы тек онкологиялық үдеріске күдікті өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар одан әрі медициналық бақылауды қажет ететін обыралды жағдайлар мен басқа да ауруларды анықтауға мүмкіндік беретінін көрсетті», – деп атап өтті Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының радиология және ядролық медицина бөлімінің меңгерушісі Жандос Аманқұлов.

ҚазОжРФЗИ өкпе ауруларын төмен дозалы компьютерлік томография әдісімен ерте анықтау бойынша жұмысты жалғастырады. Тексеруден Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының және жалпы білім беретін ұйымдардың ұзақ жылдар бойы темекі шеккен және қауіп тобына жататын қызметкерлері өте алады. Скринингтің негізгі мақсаты – өкпе ауруларын ерте кезеңде анықтау, яғни тиімді емдеу мүмкіндіктері жоғары кезде дер кезінде медициналық көмек көрсету. Күдікті өзгерістерді уақытылы байқау дәрігерлерге қажетті қосымша тексерулер жүргізіп, нақты диагноз қоюға және қажет болған жағдайда емдеуді кешіктірмей бастауға мүмкіндік береді.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҮНСІЗДЕРДІҢ ҮНІ

Қазақи ым-ишара тілі заңды мәртебе ала ма?



дегеніміз – есту қабілеті шектеулі азаматтарға «сендер де осы қоғамның толыққанды мүшесіңдер» деп ашық айту. Бұрын мүгедектікке негізінен медициналық не әлеуметтік мәселе деп қарайтынбыз.

Ым-ишара тілін заңнамалық тұрғыда талқылау инклюзияның тек пандуспен шектелмейтінін, оның білім алуға, ақпаратқа, мемлекеттік қызметтерге және қоғам өміріне еркін қатысуға тең мүмкіндік беруді көздейтінін көрсетеді. Қазақи ым-ишара тілінің дамуы қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтеді. Қазақ тілін есту қабілеті шектеулі азаматтарға да қолжетімді етсек, бұл ана тіліміздің әлеуметтік аясын тарылтпайды, керісінше кеңейте түседі. Алматыда бұл бағытта ілгерілеу болғанымен, жүйелілік жетіспейді. Инклюзия көбіне тұрақты саясаттың емес, жеке бастаманың жемісі болып қалып отыр. Осы жеке табыстардан қалалық деңгейдегі біртұтас стандарттарға көшу керек.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшы-лекторы **Жанділда Жақыповтың** пікірінше, бұл есту қабілеті бұзылған азаматтардың тілдік және конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі.



«Ым-ишара тілін құқықтық тұрғыдан тану қазақ тілінің немесе Қазақстандағы өзге тілдердің мәртебесін төмендетпейді. Керісінше, азаматтардың ақпарат алуына, білім алуына, медициналық және мемлекеттік қызметтерді пайдалануына тең жағдай жасауға мүмкіндік береді. Әлемде бірқатар мемлекет ым-ишара тілдеріне ұлттық немесе ресми түрде танылған тіл мәртебесін берді. Кей елде тіпті ресми тілдер қатарына енгізілді. Бірақ бұл сол мемлекеттік тілдердің мәртебесін өзгерткен жоқ. Сондықтан Қазақстан үшін де мәселені тілдік құқық пен қолжетімділік құралы ретінде қарастырған жөн», – дейді заңгер.

Сондай-ақ, Ж.Жақыповтың айтуынша, егер ым-ишара тілі заңнамалық деңгейде танылса, оның құқықтық ерекшеліктері нақты көрсетілуі қажет. Мысалы, білім беру, денсаулық сақтау, сот төрелігі, мемлекеттік қызмет көрсету және төтенше жағдай кезіндегі ақпарат азаматтарға түсінікті форматта ұсынуға тиіс. Бұл үшін тек заң қабылдау жеткіліксіз.

Сурдоаудармашыларды даярлау, олардың кәсіби мәртебесін айқындау, қазақи ым-ишара тілін зерттеу және біріздендіру, терминологиялық базаны қалыптастыру сияқты мәселелер қатар шешілуі керек.

Дана САДЫРҚАН.

лық деңгейде танылып, аудармашы қызметтері мен мемлекеттік қолжетімділік жүйесі кеңейтілді.

Тілдік кедергіден теңдікке

Қазақстан – БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына қосылған мемлекет. Конвенция ым-ишара тілдерін табиғи тілдер ретінде мойындайды және мемлекеттерді оларды дамытуға, оқытуға және қоғамдық өмірде қолдануға жағдай жасауға міндеттейді. Дегенмен, мемлекет заңнамасында қазақ ым-ишара тіліне жеке құқықтық мәртебе берілмеген. Қолданыстағы заңдарда ым-ишара тілі негізінен әлеуметтік қызмет немесе арнайы қолдау құралы ретінде қарастырылады. Сондықтан бүгінгі талқылау шын мәнінде жаңа мемлекеттік тіл енгізу туралы емес, тілдік құқықтарды заңмен бекіту туралы мәселе.

Мегаполисте «Қазақ саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің қалалық ұйымдары, өндірістік кәсіпорындары және қолдау орталықтары жұмыс істейді. Қоғамдық ұйым өкілдері бірнеше жылдан бері кәсіби сурдоаудармашылардың жетіспеуі, қазақ тіліндегі ым-ишара ресурстарының шектеулілігі және мемлекеттік мекемелерде тұрақты аударма қызметінің болмауы мәселесін көтеріп келеді. Оның ішінде емханада дәрігермен толыққанды сөйлесе алмау, сотта немесе полиция бөлімінде кәсіби сурдоаудармашының болмауы, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде туысына немесе үшінші адамға тәуелді болу, мектептерде қазақ ым-ишара тіліндегі оқу материалдарының жеткіліксіздігі секілді проблемалар жиі кездеседі.

Алматы қаласында инклюзивті білім беруді қолдайтын ондаған арнайы және жалпы білім беретін ұйым жұмыс істейді. Қалада есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар, түзету кабинеттері және психологиялық-педагогикалық қолдау орталықтары бар. Соған қарамастан, қазақ тіліндегі ым-ишара тілінде оқытатын мамандар мен оқу-әдістемелік материалдар саны шектеулі. Бұл жағдай шаһардағы жоғары оқу орындары үшін де өзекті. ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және басқа университеттерде инклюзивті білім беру бағыттары дамып келе жатқанымен, кәсіби сурдопедагогтар мен сурдоаудармашыларды даярлау көлемі сұранысқа толық жауап бере алмай отыр.

Егер әлемдік тәжірибеге сүйенсек, заңмен танылған тіл мәртебесі – Қазақстан үшін ең қисынды жол. Бұл модель Мемлекеттік тіл туралы конституциялық жүйені өзгертпейді, қазақ тілінің мәртебесіне әсер етпейді, есту қабілеті бұзылған азаматтардың құқықтарын нақты бекітеді, сурдоаудармашыларды даярлау жүйесін дамытуға мүмкіндік береді, білім беру, медицина, сот және мемлекеттік қызметтерде міндетті қолжетімділік стандарттарын енгізеді.



Жазушы, қоғам қайраткері **Бекнұр Қисықов** бұл тақырыптың жария талқыланып жатқанын қоғамдағы инклюзияға қажеттіліктің артуымен байланыстырды.

– Мұның түбі – тіл мәселесі емес, адамның қоғам ішінде толыққанды өмір сүру құқығы. Қазақ ым-ишара тілін мойындау

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында М.Жұмабаев атындағы №137 жалпы білім беретін мектепте әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетілді.



Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен және қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларына жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне жағдай жасау. Осы игі бастама аясында оқушыларға мектеп формасы, мектеп сөмкелері және қажетті оқу құралдары табысталды. Балаларға көрсетілген бұл көмек олардың жаңа оқу жылын жақсы көңіл күйде бастап, білім алуға деген ынтасын арттыруға үлкен

Жақсылық жасаудан жалықпайық!

септігін тигізери сөзсіз. Қайырымдылық шарасына көмек қолын созған жомарт жандарға ерекше алғыс айтамыз. Атап айтқанда, М.Тынышбаев қорының төрағасы Саят Есімханов және журналист, саясаттанушы, Abai.kz ақпараттық порталының бас редакторы Нұргелді Әбдіғани «Мектепке жол» акциясына қолдау көрсетіп, оқушыларға қажетті заттарды сатып алуға демеушілік жасады.

Бұл – балалардың болашағына жасалған үлкен қамқорлық пен ізгіліктің жарқын үлгісі. Өйткені, әрбір бала сапалы білім алып, мектепке қажетті киім-кешегі мен оқу құралдарының толық болуын сезінуі маңызды. Көмек алған оқушылардың ата-аналары да өз ризашылықтарын білдіріп: «Балаларымызға көрсеткен қолдауларыңыз бен қамқорлықтарыңыз үшін алғысымыз шексіз. Жақсылықтары-

ңыз еселеніп қайтсын!», – деген ақжарма тілектерін білдірді.

Осындай игі істер қоғамдағы өзара қолдау мен мейірімділікті арттырып, жас ұрпаққа қайырымдылық пен адамгершілік мәнін ұғындырады. Баланың қуанышы – баршаға ортақ қуаныш.

Жас ұрпақтың жарқын болашағына үлес қосып, қайырымдылық танытқан азаматтарға мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымы атынан зор алғысымызды білдіреміз! Жақсылық жасаудан жалықпайық! Жақсылық әр жүректен басталды!

Г.А.ДЕЛЕГЕЕВА,
Алматы қаласы, Жетісу ауданы,
М.Жұмабаев атындағы №137 ЖББ
мектеп директорының орынбасары

Мегаполисті таза ауызсумен қамту, ағынды суды кәдеге жарату – қала тіршілігі мен тұрғындардың денсаулығы үшін өмірлік маңызы бар мәселе. «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Алматы қаласы тұрғындарына орталық жүйеден су жеткізу және су бұру қызметін атқарады. Мекемеге тұрғындардың су жүйесіне қатысты сұрақтарын жолдаған едік.

Ең басты сауалдың бірі – шаһарда тіршілік көзінің табиғи қоры жеткілікті ме? Әуелі аталған мемлекеттік мекеме ұсынған маңызды мәліметтерге орын берейік: Қаладағы су құбыры мен кәріз желілерінің жалпы ұзындығы – 6500 шақырым. Бұл инженерлік инфрақұрылымның едәуір бөлігі 1970–1980 жылдары іске қосылған, яғни 40–50 жылдан бері пайдаланылып келеді.

Кейінгі жылдары шаһарда су беру және су бұру жүйелерін дамыту мен қайта жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынды. Кешенді іс-шаралардың нәтижесінде желілердің тозу деңгейі айтарлықтай төмендеді: егер бұған дейін бұл көрсеткіш 60%-ға жеткен болса, қазіргі уақытта 50%-ға дейін азайды. Былтыр тозығы жеткен 71 шақырым желі толығымен ауыстырылды. Ал биыл инвестициялық бағдарлама аясында 54 шақырым су құбыры желісін (28 нысан) және 9,8 шақырым кәріз желісін (20 нысан) қайта жаңғырту жоспарланған.

Бас жоспардағы талаптар

Қаладағы қарқынды құрылыс пен демографиялық өсімнен су беру жүйесіне түсетін салмақ қаншалықты деңгейде? Бұл бағытта белгілі бір шектеулер бар ма? Бұл сұрағымызға «Алматы Су» МКК баспасөз қызметі былай деп жауап беріпті:

«Алматы қаласының дамуы мен жаңа аумақтардың игерілуі қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына және қала құрылысы талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте жаңа нысандарды су жеткізу мүмкіндігі инженерлік желілердің қуатына және қолда бар су ресурстарына тікелей байланысты. Бұған дейін кейбір жаңа аудандардың құрылысы коммуналдық инфрақұрылымның даму қарқынынан алға озып кеткен жағдайлар болды. Сондықтан бүгінде жаңа құрылыс нысандарына техникалық шарттар беру шектелуі мүмкін. Яғни жаңа көпқабатты тұрғын үйлерді ғана емес, әлеуметтік және әкімшілік нысандарды да қолданыстағы су желілеріне қосу кезінде олардың инженерлік инфрақұрылымға түсіретін жүктемесі ескеріледі».



КӨРІНБЕЙТІН КҮРЕТАМЫР

Қаланың су-кәріз жүйесі қандай күйде?

Қазіргі уақытта Алматы қаласының су жеткізу жүйесін дамыту және су тапшылығы мәселесін шешу бағытында нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, жаңа су көздерін игеру, жаңа жерасты ұңғымаларын жобалау және бұрғылау бар. Сонымен қатар, Наурызбай және Бостандық аудандарында екі су алу нысанының құрылысы жүріп жатыр.

247 нысан жаңа жүйеге көшті

ҚР Су кодексіне сәйкес, қаладағы барлық су пайдаланушылар мен кәсіпкерлік субъектілері су үнемдеу технологиясын енгізуге, ауызсуды тиімсіз жұмсамауға және ағынды суларды қолдану нормаларын қатаң сақтауға міндеттелген. Осы бағыттағы нақты қадамдардың бірі – 2025 жылдың желтоқсанынан бастап қаладағы автожуу орындарына суды айналымды әрі тұйық жүйеде қайта

пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы құрылғыларды орнату міндеттелді. Биыл 1 шілдедегі мәлімет бойынша, тағы 180 автожуу орны суды қайта пайдалану жүйелерін іске қосты. Осылайша, қалада мұндай заманауи экологиялық технологияны енгізген нысандардың жалпы саны 247-ге жетті. Қазір осындай тәжірибе суды көп тұтынатын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда да қолданыла бастады.

Тазартылған суды жасыл желектерді суаруға және көшелерді жууға пайдалану жерасты артезиан ұңғымалары мен өзендерге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте сапалы ауызсуды қала тұрғындарының ауызсу қажеттіліктері үшін сақтауға жағдай жасалады.

Озық тәжірибелер

Сауда-ойын-сауық орталықтары, өнеркәсіптік аймақтар, автожуу орындары секілді ірі нысандарда және тұрғын үй

кешендерінде жергілікті тазарту құрылыстарын орнату – сарқын суды сол жерде тазалап, оны тұйық цикл бойынша қайта пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл орталық кәріз жүйесіне түсетін қосымша жүктемені де азайтады. «Алматы Су» кәсіпорны осы бағыттағы әлемнің озық тәжірибелері мен заманауи технологияларын зерделеп, оларды мегаполис жағдайында енгізу мүмкіндігін қарастыруда.

Қаладағы барлық сарқынды су механикалық және биологиялық тазартудан өтеді. Тазартылған су Алматы облысындағы ауыл шаруашылығы алқаптарын суаруға бағытталады. Бүгінде Алматы қаласын сумен жабдықтаудың шамамен, 60 пайызы жерасты су көздері арқылы жүзеге асырылады. Негізгі жерасты су көздеріне Алматы, Талғар және Қаскелең кен орындары жатады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
(Сурет: ЖИ)

«БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

Ойлаған дүниеңізді бизнеске айналдырып, жаңа нарыққа шығып, өндірісті кеңейтуге мүмкіндік алғыңыз келсе, «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысыңыз. Елімізде 2023 жылдан бері жүзеге асқан жобаның қалай өзгеріп жатқаны, кәсіпкерлерге қандай мүмкіндік беретіні және қаладағы табысты жобалар туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз мәслихатында айтылды.

Кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бөлімінің басшысы Жанар Ибрагимованың айтуынша, жобаны «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) қолдауымен қолға алыпты.

Басты мақсат – жергілікті шикізаттан жасалған ерекше өнімдерді анық-

тап, олардың авторына өнімді жетілдіруге, қаптамасы мен брендин жақсартуға, кейін нарыққа шығаруға көмектесу. Жобаға тамақ өндірісі мен қолөнер секілді екі бағыт бойынша қатысуға болады. Олардың қатарында киізден, ағаштан, былғары мен металдан жасалған бұйымдар, жергілікті шикізаттан өндірілетін өнімдер – шөп шайы, нантоқаш өнімі, жеміс-жидек өнімі мен өңірлік ерекшелігі бар басқа да тауарлар бар. Кәсіпкерлермен қатар, сондай-ақ, өнімді қолмен жасайтын, табиғи жергілікті шикізатты пайдаланатын, ойластырып жүрген өзіндік идеясы мен танымал ерекшелігі бар өнім ұсына алатын жеке тұлғалар да қатыса алады.

«Қатысушылар үшін тегін жоба – өсу жолындағы алғашқы маңызды



қадам. Алдымен олар бізге тегін кеңес алуға келеді, кейін көрмеге қатысады, жұмыс тобының іріктеуінен өтеді, өз жобасын Бренд-комитет алдында қорғайды. Одан кейін грант алу, өндірісті кеңейту, жаңа жұмыс орындарын құру мен жаңа нарыққа шығуға мүмкіндік алады», – деді спикер.

Өткен жылғы финалистің бірі, «Дымоварь» сауда маркасының өкілі Алена Ахтямова 2024 жылы өндірісті үйде отырып бастаған. Қазір кәсіпкердің жеке өндіріс орны, екі цехы мен сауда нүктесі бар. Өнімдері демалыс күндері өтетін қалалық жәрмеңкеде де сатылады. Өндіріс көлеміне қарай кәсіпкер оннан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Бизнесінің дамуына 5 млн. теңге көлеміндегі қайтарымсыз грант ықпал етіпті.

Былтырғы тағы бір финалист Гүлмира Махпирходжаева кәсібін сірке суы мен жеміс чипсін өндіруден бастаған. Мемлекеттік қолдаудың арқасында қуаттырақ жабдық сатып алып, өндіріс көлемін арттырып, өнімнің жаңа түрін іске қосты. «Өркен» жобасын дамытып отырған кәсіпкер Гүлгерім Жұмабекова болса, қазақтың этностилінде ағаш пазлдар жасап, ұлттық мәдениетті заманауи тұрғыда танытуға басымдық берген.

Ал биыл жобаға жаңа қатысушылар да қосылды. Іріктеу қорытындысы бойынша 10 финалист анықталды. Ендігі кезеңде олар қайтарымсыз грант алу байқауына қатысады. Ұйымдастырушылар келесі жылы жобалардың бір бөлігі өндіріс көлемін кеңейтіп, сатылымын арттырып, жаңа жұмыс орындарын құрып, өз жемісін бере бастайды деп күтеді.

Дана САДЫРҚАН.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 19 тамыздағы
№3/405-1334 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, Алма-ты қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының 2026 жылғы 7 тамыздағы №24.01-24.07/834-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Бағанашыл» шағынауданының тұрғындары мен «Мамыр» бау-бақша серіктестігінің мүшелерінің мүддесінде жалпыға ортақ пайдаланылатын жолмен жүруді ұйымдастыру үшін Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Мамыр» бау-бақ-ша серіктестігі, 138/1 учаскесі мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,1347 га, кадастрлық нөмірі 20-313-048-409 жер учаскесіне меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және осы қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппаратына жер учаскесінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыста-рын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ



Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 тамыздағы
№3/405-1355 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мем-лекетік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы-на, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес және «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқар-масы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 15 маусымдағы №56.3-56.03/1116-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жолаушылар және жол көлігін ұйымдастыру үшін «Отау-Строй» жауап-кершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/4 учаске мекенжайы бойынша орналасқан кадастрлық нөмірі 20-322-001-103, жалпы ауданы 13,4880 га жер учаскесінің ауданы 3,0565 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шы-ғару рәсімі тоқтатылсын.

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 6 мамырдағы №2/195-632 «Мем-лекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы жойылсын.

3. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Парк) Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 мамырдағы №2/272 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғала-тын табиғи аумақтар туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағының 7) тармақ-шасын басшылыққа ала отырып, Парк аумағында уақытша объектілерді орна-ластыру үшін учаскелерді ұзақ мерзімді пайдалануға беру мақсатында әлеуетті қатысушыларды айқындау жөнінде хабарлайды:

№1 лот бойынша учаскенің орналасқан жері: Медеу орманшылығы, Медеу шатқалы, объектінің атауы: «Ласточка»; Учаскенің ауданы: 0,0559 га, 559м²; Пайдалану мақсаты: уақытша объектілерді орналастыру.

Парк көрсететін қызметтер үшін тарифтердің мөлшері Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 мамырдағы №2/272 қаулысының қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Осыған байланысты хабарландыру парктің ресми интернет-ресурсы – parkmedeu.kz сайтында орналастырылады.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 68 А.
БСН: 000440002069.
Байланыс телефоны: 8 (727) 227-53-81.
Электрондық пошта: Medeupark@mail.kz; medeu.park2@mail.ru

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасы-ның «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жұмыспен қам-ту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік меке-месінің 2026 жылғы 21 қаңтар №36.11-К хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 150 орынды реабилитациялық орталықты салу үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, Мөңке бидің оңтүстігінде және Ф.Оңғарсынова көшесінің шығысында орналасқан 3 (үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланыс-ты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосым-шасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнама-да белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтема-қы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учас-келерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойын-ша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 тамыздағы
№3/405-1356 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Алматы автомобиль-жол колледжі» мекемесі	20-321-044-014	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағынауданы, 11	5,5276
2	«Алматы темір жол көлігі колледжі» білім мекемесі	20-321-044-007	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағынауданы, 11	4,4667
3	Дәулетбаева Жанар Тирибосыновна	20-321-044-216	Алатау ауданы, «Алғабас» шағынауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 1/1	0,9912

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 тамыздағы
№3/405-1357 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасы-ның «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұ-рылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 9 шілдедегі №34.1-34.03/1935-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жол құрылысы үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы «Боралдай» шағынау-данында орналасқан 2 (екі) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнама-да белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтема-қы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» комму-налдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 тамыздағы
№3/405-1357 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Нобел Алматинская Фармацевтическая фабрика» акционерлік қоғамы	20-321-030-528	«Мәдениет» шағынауданы, 835 учаске	жалпы-0,9322 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0810
2	Джангурбаев Сербикбай Болатбекович, Турдугулова Акбота Жолаушиновна, Мухтаров Айдар Сәкенұлы, Айгожина Жулдыз Муратовна	20-321-030-365	«Ленинскій» ШҚҚ шаруа қожалығы, 204 учаске	жалпы-3,8000 үлесі-1,0000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2042



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дастан ҚАСТАЙ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» ауе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

БАҚТАН АЙЫРҒАН «БАРНИ»

Бір «Барни...». Баланың қолына бұстататын, бағасы бірер жүз теңгеден аспайтын кішкентай ғана тәтті. Бірақ осы бір «Барни» 19 жастағы Мадинаның тағдырын таразыға салған жанжалдың себебіне айналды деген ақпарат қазақ қоғамының жағасын ұстатты. Желідегі мәлімет бойынша 19 жастағы бойжеткен отбасылық жанжалдан кейін өз-өзіне қол салған.

Марқұмның құрбысы қайғылы оқиғаға дейін онымен сөйлескенін айтып, екеуара болған әңгіменің суреттерін жариялады. Онда Мадина үйінде «Барни» тәттісі үшін күйеуінің жанжал шығарғанын, тіпті одан таяқ жегенін жазып, ажырасуға бел буғанын айтқан. Алайда, бұл деректердің құқықтық тұрғыдағы шындығы толық ашылмағанын айта кеткен жөн.

Бұл жазба Қазнетте үлкен резонанс тудырды. Бұған дейін Астанада Салтанат Нүкенова, Атырауда Яна Легкодимова, Шымкентте Нұрай Серікбайдың оқиғаларын оқып-білген жұрт жаға ұстаса, бұл жолы тағы бір сілкінді. Жазбада оқиғаның мән-жайын тексеріп, қылмыстық іс қозғауды талап еткен пікірлер көп жазылды. БАҚ беттерінде де аталған жағдай кеңінен таралды.

Қазіргі уақытта Жамбыл облысының полиция департаменті оқиғаны егжей-тегжейлі тергеліп жатқанын және ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес, өзге ақпарат жария етілмейтінін мәлімдеді.



«Полиция қызметкерлері барлық тараптардың уәждерін тексеріп, бар мәліметті зерделеп, оқиғаның толық мән-жайын анықтауда. Тергеу үшін маңызы бар әрбір фактіге құқықтық баға беріледі», делінген Жамбыл облыстық полициясының хабарламасында.

Біз 19 жастағы Мадинаның өліміне қатысты ақпаратты растай не жоққа шығара алмаймыз. Тергеу жұмыстарынан кейін оқиғаның ақ-қарасы анықталады деп сенеміз. Бірақ нақты айттарымыз – бұл оқиға Қазақстандағы әлі де өзектілігін жоғалтпаған тұрмыстық-зорлық-зомбылық мәселесін тағы бір қоғам назарына ілді.

Әйел адамның отбасы мен қоғамдағы құқығы туралы жиі айтылып келеді. Мемлекет те бұл мәселеден шет қалып отырған жоқ. Мысалы, 2024 жылы әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң қабылданып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жаза күшейді. Бұрын әкімшілік іс саналатын отбасындағы ұрып-соғу жағдайлары енді Қылмыстық кодекспен қаралады. Ал іс қозғау үшін жәбірленушінің арызы қажет емес. Полиция қызметкерлері фото-видео айғақтар мен көрші, туыстарының сөзіне сүйеніп, тергеу жүргізе алады. Әрі тараптарға екінші рет татуласуға мүмкіндік берілмейді.

2025 жылы ҚР Қылмыстық кодексіне «сталкингке» қатысты жаңа 115-1-бап енгізілді. Қыздарды аңдып, бұрынғы әйелдеріне күн бермейтін ер адамдар жауапкершілікке тартылатын болды. Десе де, қоғамның ой-санасы түбейгейлі өзгермейінше мұндай мәселелер ешқайда жоғалмайды. Ал көпшілік Салтанат, Нұрай сынды қыздардың тағдырына қайғырып қана қала бермек. Сондықтан әр отбасында күш қолдану, мәселені агрессиямен шешу, кез келген адамға күш көрсету – заңға қайшы екенін түсіндіріп, буллинг пен сталкингтің теріс екенін үйреткен жөн.

Қоғамда қызу талқыға түскен тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайберген де пікір білдірді.

– Әйелді сабап, соны мақтаныш көретіндер, қай беттеріңмен өздеріңді еркекпін деп жүрсіңдер?! Жұдырықтарың әйелге ғана жүретін болса, сендер еркек емессіңдер. Әйелге әлімжеттік жасап абырой жинаймын деу – адамдықтың ең төменгі шегі! – деп жазды ол.

Әлеуметтік желіде бұл тақырып қызу талқыланып жатыр. Мыңдаған адам Мадинаның тағдырынан кейін тағы да алаңдап, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсылық білдіруде. Әрине, бұл – қоғамның мұндай қасіретке енді бейжай қарамайтынының белгісі. Бірақ әлеуметтік желідегі ашу-ыза нақты өзгеріске айналмаса, тағы да «әттеген-ай» деумен қалуымыз мүмкін.

Досбол АТАЖАН.

TBEX ASIA 2026

ӘЛЕМ БЛОГЕРЛЕРІ Алматыны аралады

Шаһарда халықаралық TBEX Asia 2026 (Travel Blog Exchange) форумы аясындағы экскурсиялық бағдарлама басталды. Шетелдік блогерлер және туристік индустрия өкілдері Алматының туристік әлеуетімен танысып, қаладағы тарихи және мәдени нысандарды аралап, әртүрлі бағыттағы экскурсияларға қатысып жатыр.

TBEX – әлемнің әр түкпірінен саяхат контентін жасайтын блогерлер мен туризм саласының мамандарын біріктіретін әлемдегі ең ірі кәсіби алаңдардың бірі. Биыл форумға келген көптеген шетелдік қонақ үшін Қазақстанға сапар Орталық Азиямен алғашқы таныстық болды.

Экскурсиялық бағдарламаның бір бағыты – «Cultural & Historical Walk: Discover Almaty» атты мәдени-тарихи серуен. Экскурсия барысында қатысушылар Алматының тарихи орталығындағы маңызды орындармен танысты. Бағыт Арбаттан басталып, Панфилов көшесі, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағы, Вознесенск кафедралы шіркеуі және Халық музыкалық аспаптар музейін қамтыды. Осы бағыттағы экскурсияға қатысып, шетелдік қонақтардың Алматы туралы алғашқы әсерін тыңдадық. Саяхатшылардың қызығушылығы қаланың сәулетімен ғана шектелмей, оның тарихы, мәдениеті және табиғи ерекшеліктеріне де бағытталғаны байқалды.

Атлантадан (АҚШ, Джорджия штаты) келген Надин Дункан үшін Қазақстанға және жалпы Орталық Азияға алғашқы сапар. Ол өңірдің тарихы мен сәулетін жақынырақ тануға ерекше қызығушылық танытқан:

– Мен TBEX Asia форумына Орталық Азия туралы көбірек білу үшін келдім. Бұған дейін бұл аймақта ешқашан болған емеспін. Сондықтан мұндағы тарих-

ты, сәулетті көріп, жергілікті мәдениетпен танысып келеді», – дейді. Надиннің жоспарында Алматымен шектелмей, көшпелі мәдениетпен танысу да бар. Ол келесі күні этноауылға баруды асыға күтіп отырғанын айтты. Сонымен қатар, Надин Қазақстанға кейін қайта келіп, елдің басқа қалаларын да аралағысы келетінін жеткізді. Әсіресе, Астанаға қыс мезгілінде барсам дейді.

– Мен қарды, қысты жақсы көремін. Мүмкін, Астанаға да арнайы келіп қалармын. Бұл керемет болар еді, – дейді шетелдік қонақ.

Ал Батыс Австралиядан келген Хейли Мойсер Қазақстанға TBEX басталмай тұрып, бес күн бұрын келген. Осы уақыт ішінде ол бірнеше туристік бағытқа барып үлгерген:

– Алматы маған ұнап жатыр. Қала өте әдемі, жасыл желекке толы екен. Әсіресе, жалғыз саяхаттап жүрген әйел адамға қауіпсіз, – дейді Хейли. Ол Ақтау тауына Әншіқұмға барғанын, сондай-ақ тауға барып, атқа мінгенін айтты. Енді Қазақстанның басқа да табиғи ландшафттарын, шатқалдарын көргісі келетінін жеткізді.

Шетелдік қонақтарға Алматының тарихи орталығын кәсіпқой гидтер таныстырып жүр. Гид Ангелина Придатконың айтуынша, қатысушыларға қаланың тарихи тұрғыдан маңызды бөлігін қамтитын танымал маршруттардың бірі ұсынылған. Экскурсиялық бағдарлама алдағы күндері де жалғасады. Қатысушылар өз қызығушылықтарына қарай түрлі бағыт таңдап, Алматының таулары, шатқалдары, табиғи және мәдени нысандарын аралайды.

Алдағы демалыс күні форумның негізгі іскерлік бөлігі өтеді. Бағдарламада халықаралық сарапшылардың баяндамалары, тақырыптық сессиялар воркшоптар және кәсіби нетворкинг қарастырылған. Осылайша TBEX Asia 2026 Алматыны шетелдік аудиторияға таныстырудың маңызды алаңына айналып отыр.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

